

**БЕКІТЕМІН**  
«Қостанай облысы әкімдігінің  
мәдениет басқармасы» ММ  
басшысы Нұрлан **К. Атамұратов**  
2023 жылғы «...» караша



**Нұржан Наушабайұлы атындағы  
«Арқада Наушабайдың Нұржаны өткен...»  
республикалық жыр-терме, дәстүрлі ән  
орындаушылар фестивалінің  
ЕРЕЖЕСІ**

**Отетін орны:** Қостанай қаласы, I.Омаров атындағы қазақ драма театры  
**Отетін уақыты:** 14-15 желтоқсан, 2023 жыл

Қасиетті Ұлы дағы үнінен қуат алып, әсем әндерімен тындарман жүргізна шуақ берген ұлы өнер иесі Нұржан Наушабайұлының шығармашылығы - ұлттық музыка өнеріндегі қайталанбас дара құбылыс. Осы киелі мұраны кеңінен, тереңінен насиҳаттап ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу, талантты жастарымызды өнердің көзінен бұлағынан нәр алғызып, шеберлігін шындауға ықпал ету мақсатында «Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы» ММ қолдауымен, «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнең орталығы» КМҚҚ ұйымдастыруымен 2023 жылдың желтоқсан айында Қостанай қаласында Н.Наушабайұлы атындағы республикалық жыр-терме, дәстүрлі ән орындаушыларының фестивалін өткізеді.

**Фестиваль шарттары мен қатысушыларға қойылатын талаптар**

- Фестивальға Республикалық байқауларының жеңімпаздары мен арнайы шақырылған өнерпаздар ғана қатыса алады;
- Фестиваль жеке орындаушылар арасында өтеді;
- Орындалатын шығарма 15 минуттан аспауы қажет.

**Фестиваль бір кезеңнен тұрады**

- Н.Наушабайұлының бір шығармасын орындау (бір ән немесе бір терме);
- Әр қатысушы өз өнірлік мектебінен бір шығарма орындаиды (бір жыр немесе бір терме).

**Бағалау өлшемдері**

- Шығармалардың ережедегі талаптарға сай болуы;
- Орындаушылардың шеберлігі, мәнерлігі, дауысының кеңдігі;
- Сахна мәдениетін сактай білуі;
- Ұлттық киім ұлгісі.

## **Марапаттау рәсімі**

- Қатысушылар дипломмен және қаржылай марапатталады.

## **Тамақтану, түрғын жай, жол журу**

- Қатысушылардың келіп-кету жол шығындарын жіберуші жақ төлейді (Үміткердің ұстаздары, және бірге еріп келген адам барлық шығындарын өздері көтереді);
- Ұйымдастыру комитеті қатысушыларды байқау уақытында тамақпен және түрғын жаймен қамтамасыз етеді.

## **Үміткерлердің тапсыратын құжаттары**

- Өтініш (қатысушының репертуары, авторларының аты-жөні толық жазылуы тиіс);
- Жеке куәлігінің көшірмесі;
- Шығармашылық өмірбаяны;
- Республикалық байқауларда алған жетістіктері;
- 9/13 сапасы жақсы электронды нұсқадағы суреті;
- 20 сандық банк есеп шоты.

Қатысушылардың өтінімдері [hsb@ocsnt.kz](mailto:hsb@ocsnt.kz) электронды мекен жай бойынша қабылданады (*электронды хатта міндетті түрде байқаудың атапуы жазылуы керек*).

Мекен жайы: Қостанай қаласы, Лермонтов к-сі, 15 үй.

Байланыс телефоны: 8(7142) 56-04-12, 56-01-29. 87075633152